

Абайдың 175 жылдығына орай көркемөнер мектептері, қосымша білім беру ұйымдарының бейнелеу және сәндік - қолданбалы өнер үйірмелерінің оқушыларына арналған облыстық көрме - байқауын өткізу Ережесі

Тақырыбы: «Абай суреттері»

Мақсаты; Қазақтың ұлы ақынының шығармашылығына қатысушылардың көзқарасын, білімін, көркемдік білік, дағдысын көрсету үшін Абай Құнанбаевтың шығармалары бойынша сурет байқауын ұйымдастыру.

Міндеттері:

1. Ұлы ақын жырлаған адамгершілік құндылықтарға балалар мен жасөспірімдердің назарын аудару;
2. Балалар мен жасөспірімдердің Абай Құнанбаевтың шығармаларын заманауи түсінуі мен қабылдауын көрсету ;
3. Ақын шығармаларының мәтіні бойынша түрлі бейнелеу техникасын пайдаланып айқын бейнелер жасау, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеті мен біліктілігін дамытуға ықпал ету.

Ұйымдастырушылары: «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК

Номинациялар:

Кескіндеме: акварель, гуашь, май, акрил, аралас техника.

Сәндік –қолданбалы өнер: қағаз пластика, флористика.

Қатысушылар: конкурс белгілеген жас шамасына сәйкес барлық талапкерлер қатыса алады.

Жас шамасы: 7 – 9 жасар, 10 – 12 жасар 13 – 16 жасар.

Көрме -байқауын өткізудің уақыты және орны;

Конкурс - көрме 2020 жылдың 26 қазан-16 қараша аралығында Павлодар қ. «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК өткізіледі.

Павлодар облысының қалалары мен аудандарының білім беру бөлім басшыларының қолы қойылған өтінімдер (1 қосымша) **12 қарашаға дейін** мына мекенжай бойынша қабылданады: 400000 Павлодар қ., Машхур Жусупа 27 М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы, mirlen81@bk.ru тел., 87714762917

Карантин кезінде көрме-байқауы қашықтық форматында өткізеді.

Жұмысқа қойылатын талаптар: Жұмыстар кез келген техникада орындалуы мүмкін - кескіндеме, графика, аралас техника (фломастер, пастель, түрлі-түсті қарындаштар, гуашь, және басқалар). Көшірмелер, қайта салулар, төмен көркем дәрежеде орындалған және байқау тақырыбына сәйкес келмейтін жұмыстар – қабылданбайды .

Әр қатысушыдан 5 жұмыстан артық алынбайды.

Форматы: А-3, А-2 (суреттің көлемі паспартуды есептемегенде).

Жұмыстың қасында өлшемі 5 x 12 см болатын екі тілдегі заттаңбасы болуы тиіс: жұмыстың аты, автордың тегі, аты, жасы, орындау техникасы, білім беру ұйымының атауы, жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты жазылады.

Жұмыстар барлық номинациялар бойынша түпнұсқаны фотосуретке түсіру немесе сканирлеу жолымен орындалған электронды көшірме түрінде қабылданады (графикалық файлдар).

Әрбір номинация бойынша жеңімпаздар анықталады және алады:

Дипломант атағы (I, II, III дәрежелі диплом);

Байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен атап өтіледі.

Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қаралмайды.

Конкурстық жұмыстар келесідей өлшемдер бойынша бағаланады:

- жұмыстың орындалуының көркемдік деңгейі мен сапасы;
- ерекшелігі;
- стильдық, көркемдік және бейнелік шешімнің бірлігі.
- Байқау жұмыс мазмұнының Абай Құнанбаевтың бір шығармасының мазмұнына сәйкестігі

Көрме жұмыстарын кәсіби қазылар алқасы конкурстың өлшемдеріне сай 10 ұпайлық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

Абайдың 175 жылдығына орай көркемөнер мектептері, қосымша білім беру ұйымдарының бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер үйірмелерінің оқушыларына арналған облыстық көрме - байқауына қатысуға өтінім

Конкурстың тақырыбы	
Жұмыстың аты	
Орындау техникасы	
Жұмыстың өлшемі (формат)	
Автордың тегі, аты (толығымен)	
Жасы	
Жетекшінің Т.А.Ә. (толығымен) телефон	
Білім беру ұйымының атауы/ облыс, аудан, ауыл	
Жетекшінің E-mail, электрондық поштасы	

Байқау қатысушысын марапаттау:

Көрме-байқауының жеңімпаздары дипломмен марапатталады.

Көрме-байқаудың жеңімпаздарын дайындаған педагогтерге алғыс хаттар табысталады.